

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Төлебай Мөлдір Еркешқызы

«1:25000масштабта топографиялық картаны жаңарту үшін ғарыштық суретті
дешифрлеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

Доктор PhD

Имансакипова Б.Б.Имансакипова

«22» мамыр 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

«1:25000масштабта топографиялық картаны жаңарту үшін ғарыштық суретті
дешифрлеу»

5B071100 – «Геодезия және картография»

Орындаған:

Төлебай Мөлдір Еркешқызы

Ғылыми жетекші: лектор
Жантуева Ш.А.

Жантұева

«21» мамыр_2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

5B071100- Геодезия және картография

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,

Доктор PhD

Имансакипова Б.Б.Имансакипова

«22» мамыр 2020 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Төлебай Мөлдір Еркешқызы

Тақырыбы: «1:25000 масштабта топографиялық картаны жаңарту үшін ғарыштық суретті дешифрлеу»

Университет Ректорының № 762-б «27».01. 2020 ж. бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2020 жыл «21» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: ғарыштық суретті өңдеп ортофотопланды дешифрлеу

Дипломдық жұмыста қараластырылатын мәселелер тізімі

а) Ғарыштық суреттерді Fotomod жүйесінде өңдеп ортофотопланды құру

б) Ортофотопланды далалық әдіспен дешифрлеу әдістері

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетелуі тиіс)

Сызба материалдарының 9 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 5 атаудан тұрады

1. А.М.Берлянт .Учебник - Картография. Москва, 2010.-325 с.

2.Фомин Я.А., Тарловский Г. Р. Статистическая теория распознавания образов.- М.: Радио и связь, 1986.-332 с.

3. Кузнецова И.А. Дешифрирование аэрокосмических снимков. Алматы КазНУ, 2016. – 240 с.

4. Спутники Дистанционного зондирования Земли интернет
ru.wikipedia.org.

5.Цифровая фотограмметрическая система Photomod интернет
ru.wikipedia.org

Дипломдық жұмысты даярлау

КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Геодезия	20-ақпан 2020ж.	
Ортофотопланды далалық дешифрлеу	20-сәуір 2020ж.	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Геодезия	Жантуева Ш.А., лектор	20 ақпан 2020ж.	
Қалып бақылаушы	Нукарбекова Ж.М., т.ғ.м., ассистент	20.05.2020 ж	

Ғылыми жетекші



Жантуева Ш.А.

Тапсырманы орындауға алған бәләм алушы



Төлебай Мөлдір

Күні

«21» қантар 2020ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты 1: 25000 масштабтағы топографиялық карталарды жаңарту үшін ғарыштық суреттерді дешифрлеу болды.

Топографиялық картаны жаңарту Fotomod АФС да өңделіп 1: 25000 масштабтағы ортофотополаңда орындалды.

Жаңа технологияны қолдану далалық жұмыстар процессін айтарлықтай жеңілдетеді, сапасын жоғарлатады және жылдамдатады.

Дипломдық жұмыста Fotomod жүйесінің сипаттамалары, далалық дешифрлеудің практикалық процесстері және бастапқы мәліметтер мен дешифрленген ортофотополаң берілген.

Нәтижесінде 1: 25000 масштабтағы топографиялық картаны жоғары дәлдікте құруда қолдану үшін, жаңадан далалық дешифрленген ортофотополаң берілген.

АННОТАЦИЯ

Целью, выполненной дипломной работы являлось Дешифрирование космических снимков для обновления топографических карт масштаба 1:25000

Обновление топографической карты выполнялось на ортофотоплане 1:25000 масштаба обработанный в АФС Fotomod по космическим снимкам.

Применение новых технологий позволило значительно упростить, качественно улучшить и ускорить процесс выполнения полевых работ.

В дипломной работе представлены описания Fotomod системы, полевых дешифровочных работ с практическими данными, исходные и заключительные материалами.

В результате для выполнения работ по обновлению карт было представлено: оригинал дешифрованного ортофотоплана; отражающие работы дешифрованного ортофотоплана, который будет использован для составления топографической карты 1:25000 масштаба.

ANNOTATION

The purpose of the completed diploma work was Decoding of space images for updating topographic maps scale 1: 25000

The update of the topographic map was performed on an orthophotoplan 1: 25000 scale processed in the AFS Fotomod for space photography.

The application of new technologies has significantly simplified, qualitatively improved and accelerated the process of field work.

The diploma work presents the description of Fotomod systems, field decoding works with practical data, source and final materials.

The results of the work on the renewal of the card were as follows: the original decoded orthophotoplan; reflecting works decoded orthophotoplan, which will be used to compile a topographic map at a scale of 1: 25000.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Геодезия	10
1.1	Топографиялық карталар жайлы түсінік	10
1.1.1	1:25000 масштабта топографиялық карталардың арналуы мен мамұны	11
1.1.2	Карталарды құру тәсілдері	11
2	Топографиялық карталарды жаңартудың мәні	14
2.1	Топографиялық карталарды жаңарту түрлері	16
3	Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) технологиясы	17
3.1	Жерді қашықтықтан зондтайтын KazEOSat-1спутнигі	21
3.2	Ғарыштық суреттерді фотограмметриялық АФС PHOTOMOD жүйесінің программасы версиясымен өңдеу	23
3.3	PHOTOMOD AT	25
3.4	PHOTOMOD Mosaic	27
3.4.1	Карта номенклатурасы	28
4	Ортофотопланды дешифрлеудің түрлері мен әдістері.	29
4.1	Дешифрлеу процессінің логикалық структурасы.	31
4.1.1	Дешифрлеу белгілері.	32
5	Дешифрленетін картаның түп нұсқасы	34
5.1	Далалық дешифрленген ортофотоплан	35
	Қорытынды	36
	Қолданылған әдебиеттер	37

КІРІСПЕ

Адам қызметінің нәтижесінде, сондай-ақ табиғи процестердің салдарынан жер бетінің бейнесі үздіксіз өзгеріп отырады. Сондықтан графикалық, сандық және басқа да нысандарда жасалған топографиялық карталарды олардың мазмұнын өмірге сәйкес келтіру үшін жаңарту қажет

Картаны жаңарту- картаның мазмұнын жергілікті жердің өзгерістеріне, нормативтік құжаттарға және геодезиялық параметрлерге сәйкес келтіру процесі; жаңартылып отырған түпнұсқаның дәлдігі мен дұрыстығын бағалау; карта мен жергілікті жердің мазмұнының сәйкес келмеу дәрежесін анықтау.

Топографиялық карталар графикалық түрде жергілікті жердің топографиясы туралы егжей-тегжейлі ақпаратты сақтаудың негізгі нысаны болып табылады.

Дипломдық жұмыста 1:25000 масштабтың топографиялық картасының мақсаты, картаны жаңартудың мәні сипатталады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтау жұмыстарын орындауға арналған KazEOSat-1 өзіміздің спутнигіміз сипатталған.

Картаны жаңарту үшін бастапқы мәлімет ғарыштық суреттер болғандықтан оның қандай жасанды спутниктен алынып PHOTOMOD жүйесінің қандай проекттерінде орындалып 1:25000 масштабының ортофотопланы құрылып далалық дешифрлеу процесстері көрсетіледі.

1 Геодезия

1.1 Топографиялық карталар жайлы түсінік

Топографиялық карталарда барлық жер беті немесе оның бір бөліктері бейнеленеді сондықтан Жер қисықтығын елемеуге болмайды. Эллипсоидтан жазықтыққа өту математикалық әдістермен жер бетіндегі нүкте координаталары және сол нүктелердің жазықтықтағы координаталары арасындағы байланысты көрсететін картографиялық проекция көмегімен орындалады.

Карта табиғат пен қоғамның құбылыстарын географиялық карта мен басқа картографиялық өнімдерді кескіндеу және оларды құру, пайдалану әдістемелері туралы ғылым. Ол қоршаған әлемді тану үшін тамаша құрал болып қызмет етеді. Оған инженерлер, зерттеушілер, геологтар, агрономдар, ғалымдар, әскери қызметтер жүгініп өздерінің сұрақтарына жауап табады.

Карта әр түрлі белгілерге байланысты болады және оны сақтау мен қолдану үшін рациональды тіркеу жүргізеді.

Топографиялық карта жергілікті жер участкесінің қағаз жазықтығының проекциясында кішірейтілген бейнені көрсетседе, олардың арасында айқын айырмашылық болады. Себебі масштаб планда тұрақты, ал картада масштаб нүктеден нүктеге және бағыттар бойынша өзгереді.

Топографиялық карталар жергілікті жердің толық геометриялық көрінісін алуға мүмкіндік беретін және қандай да болсын бағытта масштабты сақтауға мүмкіндік беретін картографиялық проекцияларда құрады. Жергілікті жердің масштабы пландағы сызық ұзындығының жергілікті жердегі осы сызықтың горизонтальсызығына қатынасы. Егерде едәуір аумақты бейнелеген жағдайда Жердің қисықтығы білінеді. Осы кезде эллипсоид беті жазықтықта бұрмаланады, сондықтан картаның масштабы өзгермелі шама болады да ол нүктенің географиялық координаталарына және азимутқа байланысты болады.

Карталарда масштабтын 2 түрін ажыратады:
негізгі және жеке.

Негізгі масштаб жер эллипсоидының бетінен немесе шардан картаға өтуде жер бетінің барлық элементтерінің жалпы кішірейтуін белгілейді.

Сфералық немесе сферойдтық бетті жазықтықта бейнелегенде негізгі масштаб кейбір нүктелерде немесе бағыттарда бейнелеудің қабылданған шартына байланысты сақталады. Картаның басқа бөліктерінде масштабтар негізгі үлкен немесе аз болады да олар жеке масштабтар деп аталады.

Егер негізгі масштабты бірге деп қабылдаса, онда жеке масштабтардын бірден аутқулары картадағы бейнелеудің

бұрмалану шамасын сипаттайды. Одан кейін негізгі масштабты ерекше алдын ала келіскен жағдай болмаса бірге деп қабылдайды.

Ұзындық масштабы деп – картадағы шексіз аз сызықтың кесіндісінің ds жер эллипсоиды бетіндегі тиісті сызық кесіндісіне dS қатынасы деуге болады.

Топографиялық карталар топографиялық- шолу, топографиялық және топографиялық пландар болып бөлінеді. Бірінші топқа 1:1000000, 1:500000 масштабты карталар жатады, екінші топқа - 1:200000, 1:100000 (ұсақмасштабты), 1:50000, 1:25000 (ортмасштабты), 1:10000, 1:5000 (ірімасштабты), үшінші топқа - 1:2000, 1:1000, 1:500. 1:1000000 масштабты карталардан ұсақтары шолу карталар деп аталады, ал 1:200000 - 1:1000000 масштабтар – топографиялық- шолу карталары. Олар одан да ірі масштабты карталар бойынша құрылады.

Ірі масштабты карталар топографиялық деп аталады және аумақтың топографиялық түсіріс нәтижелері бойынша құрылады. Топографиялық картаар көп жағдайларда қолданады және жергілікті жердің барлық элементтерін бейнеленуімен сипатталады.

Қазақстанда топографиялық карталарға Гаусса-Крюгердің Красовский эллипсоидының элементтерімен есептелген тікбұрышты көлденең-цилиндрлік проекциясы қолданады. (тек қана 1:1000000 масштабты карта бүкіл әлемде өзгерілген поликонустық проекцияда құрылады). Жер бетінің топографиялық- шолу және топографиялық карталары алты градусы зоналарда жобаланады, ал топографиялық пландар – үш градусы зоналарда. Олардың әр қайсысында жеке тікбұрышты координата жүйесін құрады. Ось ретінде зонаның ортаңғы меридианың және экваторды қабылдайды. [1]. Топографиялық карталарда басқа географиялық карталардан бөлек бойлық пен ендік торабтарының градустары ғана емес, сонымен қатар километрлік квадраттар торабы беріледі. Топографиялық картаның пландық жағдайында геодезиялық тірегі болып триангуляция пункттері және 1942 жылғы бір координата жүйесіндегі полигонометрия, сонымен қатар биіктік қатынаста Балтық жүйесіндегі нолдік Кронштад футштокының нивелирлеу пункттері болып келеді.

Топографиялық карталарды құруда бұл тіректі геодезияда және фотограмметрияда қолданылатын аспапты әдістермен дамытады және картаның пландық-биіктік негізін құрады. Геодезиялық тірек пункттеріне қатысты основаның нүкте жағдайының, сонымен қатар контурлар мен жергілікті жер заттарының, биіктік белгілері және горизонтальдардың ортаңғы және шеткі қателіктері карта дәлділігінің қателігі болып келеді. Топографиялық карталардың әр түрлі масштабына және аумақтың күрделігіне байланысты ықтимал қателіктері әр түрлі болады.

1.1.1 1:25000 масштабты топографиялық карталардың арналуы мен мазмұны

Топографиялық карталарға мынадай басты талаптар қойылады: көруге және оқуға ыңғайлы, жергілікті жер тез әрі жеңіл бағытталуы керек; карта дәл және толық сипаттаманы қамтыған жергілікті жердің барлық мазмұн элементтері көрсетілген болуы керек. Кескін элементтерінің карта масштабының дәлділігіне сай болуы керек.

1:25 000 масштабтағы топографиялық карталар мынадай салаларда қолданылады:

- жерге орналастыру бағытында геоботаникалық түсірістер мен топырақтық географиялық негізі ретінде;

- мелиорация құрылыс жобасын жоспарлауда;

- жерді шаю және кептіру жұмыстарының жобасын дайындауда;

- жер қоры санағын жүргізуде;

- гидростанция құрылысының орнын дайындағанда, құрылысқа қажетті инженерлік-геологиялық ізденістерді жүргізгенде, су қоймаларының көлемін анықтауда;

- географиялық ізденістер және геологиялық барлау жұмыстарында;

- транспорттық құрылыста, темір жол, авто жол, канал, кеме жүзетін өзендерді зерттегенде, орман шаруашылығын реттегенде;

- қала ман ауылдардың бас жобасын жобалауда.

1:25 000 масштабты топографиялық карталардың мазмұны жергілікті жердің мәліметтерін топографиялық шартты белгілермен көрсетеді. Картаны келесідей мазмұн элементтер қамтиды: гидрография, елді мекен, қатынас жолдар, жер бедері, жасыл жабынды мен топырақ, шекара, геодезиялық пункттер, саяси әкімшілік құрылымда, әр түрлі құрылыстар мен құрылымдар. Топографиялық карталарда сонымен қатар объекттердің сандық сипаттамалары, түсініктеме жазу таңбалары және географиялық атаулар көрсетіледі.

Картаның әр бір квадрат дициметрінде 5-15 жер бетінің биіктіктерінің сипаттамасының биіктік белгілері беріледі.

Топографиялық карта парағының рамка сыртында оның номенклатурасы, саяси әкімшілік қатынасқа қарай қатысты атауы және басты елді мекен атауы, сандық және сызықтық масштабтар, координата мен биіктік жүйелер жайлы мәлімет, рельеф қимасы және құрылған жылы көрсетіледі. Сонымен қатар сыртқы рамка сыртында берілген парақта қолданылған шартты белгілер, биіктік шкаласы, шегара схемасы, меридиандардың жиынтық схемасы, магниттік аутқу көрсетіледі.

1.1.2 Карталарды құру тәсілдері

Масштабқа байланысты географиялық карталарды екі негізгі әдістермен алынады:

- жергілікті жерді қандайда түсіріс жолдарымен және олардың материалдарын өңдеу;

- лабораторияларда (камералды) шарттарда әр түрлі мәліметтерді өңдеу. Оларға астрономо-геодезиялық, түсірістік, картографиялық, географиялық, экономика-статистикалық және басқа да арнайы жұмыстар кіреді. Түсіріс карта құру мақсатымен орындалады.

Жердің бетіндегі түсірісте барлық геометриялық өлшемдер тек қана жергілікті жерде жүргізіледі. Дистанциондық түрлерде түсіріс жүйесінің түсірістері жер бетінің – жүздеген метрлерден мыңдаған километрлерге дейін қашықтықта болады.

Ғарыштық кемелерде, жасанды спутниктерде, орбиталық станцияларда орналастырылған аппараттармен орындалатын түсірістерді ғарыштық түсіріс деп атайды.

Ірі масштабты карталарды құруда және жанартуда қазіргі заманда аэрофототопографиялық пен ғарыштық түсіріс болып келеді. Жергілікті жердің фотографиялық бейнесін самолеттен немесе орбитадан алынады.

Жер бетіндегі әдістер ірі масштабты карталарды құруда тек қана жергілікті жердің шағын аудандарында орындауға мүмкіндік береді. Себебі аэротүсірісті орындау рационалды емес болады.

Жер бетіндегі түсіріс пландық, биіктік және пландық-биіктік болып бөлінеді.

Пландық түсірістерде жергілікті жер объектілерінің тек қана пландық жағдайы анықталады, биіктік түсірісінде тек қана нүтелердің биіктіктері анықталады. Ал пландық-биіктік түсіріс картада ситуацияның бейнесін (контурлық бөлігін) және жергілікті жердің рельефін алуға мүмкіндік береді.

1-суретте жергілікті жер түсірісінің негізгі түрлері көрсетілген.

Қазіргі 1:25000 масштабты топографиялық карталар екі негізгі әдістермен құрылады: стереотопографиялық және біріккен (комбинированный)

Екеуі де аэрофотосуреттерді және ғарыштық суреттерді қолданумен оларды дешифрлеу мен трансформациялаумен, тірек торының нүктелерін жиілетумен және оларға горизонтальдар мен биіктік белгілерін еңгізумен негізделген.

Арналуына, мазмұнына, дәлдік талабының анализіне және құру әдістеріне байланысты топографиялық карталар мынадай болады:

1. 1:25000 масштабты топографиялық карталар көптеген ақпараттарды мазмұндайтын құнды материалдар болып қызмет жасайды. Оларда бөлек нүктелердің пландық және биіктік жағдайларының өте жоғары дәлділігі сипатталады.


2. Жергілікті жердің ашық және жабдықталған аудандарынан кесілген рельефпен орманды учаскелерге өткенде топографиялық карталардың дәлділігі, анықтамалығы және толықтылығы күрт өзгереді.

3. Көп жылғы тәжірибе топографиялық карталарды құруда түсіріс инструкциясының талаптары орманды учаскелерде, қиын аудандарда (биіктік нүктелерін және горизонтальдарды жүргізуде) әр қашан орындалмайды

4. Топографиялық карталарды құруда негіз ретінде өткен жылғы карталарды қолдануға болады, пландық негіз ретінде – жолдар, каналдар, жасыл жабындының айқын контурлары, бөлек құрылымдар және құрылыстар; биіктік негіз ретінде – биіктік белгілері және негізгі рельеф формаларының горизонтальдар саны.

5. Картаның құрылуын қарастыра отырып әрқашан тексеруде қолданылатын нақты нүктелердің пландық жағдайын далалық дәлді өлшемдермен тексеру керек. [4].

Топографиялық-шолу карталар ірі масштабты топографиялық карталар бойынша картақұрастыру әдісімен аэротүсіріс және космостық түсіріс материалдарын қолданып құрады. Топографиялық карталарды құруда немесе жаңартуда көбінесе аэроғарыштық әдісті қолданады.



1-сурет-Жергілікті жер түсіріс түрлері

2 Топографиялық карталарды жанартудың мәні

Карта топографиялық нысандарының ең көп таралған ақпараттарының бірі болып табылады

Олардың мазмұны арналуына, масштабына және жергілікті жердің топографиялық шартына байланысты болады. Ондай шарттар мезгілге байланысты бір қалыпта қала бермейді ал өзгеріске ұшырап отырады. Сондықтан мен карталар жергілікті жерде топографиялық түсіріс болған мезгілді ғана бейнелейді. Уақыт өткен сайын олардың мазмұны ескіріп жұмыс мақсаттарын шешуге жарамсыз болды.

Карталарды жанарту жергілікті жердің топографиялық мәліметтерін қазіргі уақытына қатысты күйіне келтіру топографиялық түсіріс жолымен орындалады. Оның мақсаты түсіріске тек қана өзгерген элементтер ғана кіреді. Түсірісті орындауда топографиялық шарттардың өзгеруін зерттеу қажет. Карталарды жанарту жанадан топографиялық түсірісті орындаудан күрделі болып келеді.

План мен карталады жанартуда топографиялық мәліметтердің өзгерген себептері көрінеді. Картаның ескіруі бірнеше заңдылықтармен қарастырылады.

Біріншіден карталар жергілікті жердің табиғи және жасанды өзгерісінің нәтижесінде ескіреді.

Екіншіден жергілікті жердің әр түрлі топографиялық элементтері уақытқа байланысты бірдей өзгеріске ұшырамайды. Күрделі рельеф элементтері және гидрография торабтары өзгеріске аз ұшырайды. Көп уақытқа дейін топырақ және жасыл жабынды элементтері сақталады. Жол торабтарының өзгеруі жәй өтеді, ал елді мекендер тез өзгеріске ұшырайды.

Үшіншіден ұзақ уақыт ағымында өзгеріске аз ұшырайтын топографиялық элементтер әрқашан болады. Оны бір жергілікті жердің ескі картасы мен жаңа картасын салыстыру арқылы көруге болады. Бірнеше белгілер қатары бойынша әрқашанда картада бейнеленген жер бетінің телімін анықтауға мүмкіндік бар.

Төртіншіден топографиялық пландар мен карталардың ескіруі бір топографиялық элементтің уақыт өте ескіруіне байланысты басқа топографиялық элементтерді бейнелеу қажет болады. Мысалы рельефтің өзгеруіне байланысты топырақ пен жасыл жабынды және жол торабы басқа өзгеріске ұшырайды. [1].

Аумақты тез уақытта игеру топографиялық элементтердің ескіру процессін тездетеді.

Карталар физикалық және ғибраттық ескіруге душар болады. Физикалық ескіру оның ескіртумен (износ) анықталады және оның құру мен басып шығару тәсілі мен қолдануына байланысты болады. Топографиялық және картографиялық мәліметтерді жанарту тәсілдерін көрсету, жаңа координаталар мен биіктік жүйесіне өту, топографиялық шартты белгілердің ең жақсы жүйесін қолдану. Карталар бір мақсаттарды шешуде ескірген болса, қандай да басқа бір мақсатта оны қолдануға мүмкін бола алады. Карталардың процессі тез ағымды болып келмейді. Содықтан оның сенімділік дәрежесі өте жоғары болады.

Мазмұның оқуда, топографиялық карталарды құру мен қолдануда ең бастысы көбінесе масштабпен анықталады.


Барлық масштабта топографиялық карталарды жанарту жергілікті жердің күйін жаңа кездің уақытына қатысты олардың мазмұнын келтіру. 1:25000, масштабтағы карталарды жергілікті жердің қазіргі кездегі күйінің дәрежесіне мазмұнын келтіруде жаңадан салынған құрылымдар мен ғимараттарды орындаушылық түсіріспен сонымен қатар далалық тексеріс материалдарымен және аэрофототүсіріс материалдарымен орындалады.

Карталарды жанартуда мазмұнның толықтылығы мен дәлділігі Негізгі жағдай, Шартты белгілер және нақты Инструкция талаптарына сай орындалуы керек.

2.1 Топографиялық жаңарту түрлері

Жобалауда, инженерлік құрылымдарды салуда және қолдануда топографиялық негіз құрылады.

Мұндай жағдайда бұрын орындалған топографиялық түсіріс нәтижелері қолданылады. Алынған топографиялық негіз инженерлік мақсаттардың шешілуіне байланысты жанартылуы қажет. Ондай жанартулар инженерлі-топографиялық деп аталады. Ол арнайы технологиялық схема бойынша орындалады, себебі топографиялық негіз тек қана топографиялық мазмұннан ғана тұрмай онда инженерлі-геологиялық, гидрогеологиялық және басқа да мәліметтер бейнеленеді.



2-сурет-Топографиялық карталарды жанартудың технологиялық варианттары

Топографиялық негіз стандартты масштабта құрылады, бірақ ол масштаб жалпы масштабқа немесе арнайы топографиялық түсіріске қатысты болмауы мүмкін. Ол масштаб түсірісімен салыстырғанда одан ірі болуы мүмкін.

Топографиялық жанарту әр түрлі әдістермен орындалады. Оның ішінде ең маңыздысы геодезиялық тірек пункттерімен немесе жергілікті жердегі қандай да объекттермен байланыстыру болып келеді. Құрылыста қосымша

топометриялық түсіріс және әр түрлі өлшем жұмыстары жүргізіледі. Ірі масштабты топографиялық пландарды жанартуда түрлерге бөлуге болады.

2-суретте топографиялық карталарды жанартудың технологиялық варианты көрсетілген.

Қандай да бір аумақтың инженерлік түрлендіру мақсаттарының шешілуіне байланысты карталарды қолдануларына қарай ірі масштабты топографиялық пландарды жанарту бір реттік немесе жүйелі түрде бола алады. Бір реттік және әр мезгіл жанартуда жалпы және арнайы топографиялық пландар жатады. Ол жалпы және арнайы бола алады, сонымен қатар инженерлі-топографиялық болады.

Біреттік топографиялық карталарды жаңарту жалпы немесе арнайы топографиялық карталарды құрастырумен аяқталатын топографиялық жұмыстардың дербес түрін білдіретін және топографиялық карталарды пайдалану процесінде жүзеге асырылатын және жинақталатын, басты түсімді қамтитын жедел болуы мүмкін.

Әдетте топографиялық карталарды бір рет жаңарту Мемлекеттік Геодезиялық қызметтің әртүрлі бөлімшелерімен орындалады және жалпы болып табылады.

Алайда, бір жолғы жаңартуды мамандандырылған іздестіру, құрылыс және пайдалану ұйымдары жүргізуі мүмкін, бұл жағдайда ол көбінесе мамандандырылған болады.

Топографиялық карталарды жүйелі түрде жаңартуды аумақтық геодезиялық қызметтер жүргізеді. Ол қалалардың, ірі құрылыстардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, тау-кен кәсіпорындарының маркшейдерлік қызметтерінің қажеттіліктері үшін қолданылады.

Топографиялық карталарды жүйелі түрде жаңарту жалпы және мамандандырылған болуы мүмкін.

Топографиялық карталарды мерзімді жалпы жаңарту үшін мемлекеттік геодезиялық қызмет ұйымдармен орындалады.

Уақыт өте келе топографиялық карталарды тарату тиісті технологиялық сызбаларды таңдауға және әртүрлі ақпараттық технологияларды қолдануға әсер етеді.

Ұйымдастырушылық жағынан ең қиын мәселе - топографиялық жоспарларды үнемі жаңартып отыру: бұл автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолдануды қажет етеді.

3 Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) технологиясы

Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) -екі құрылымнан тұратын Жер бетіндегі өзгерістерді бақылауға бағытталған осы заманғы жүйе немесе технологиялар жиынтығы. Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) – жер үсті және ондағы объектілер: атмосфера, мұхит, жер қабығының жоғарғы қабаты туралы электромагниттік сәулеленудің әсерінен тіркеуші құрылғының зерттелетін

объектіден айтарлықтай қашықтықта болатын түйіспесіз әдістер арқылы ақпарат алу. Түсірілімдік аппаратуралардың қабылдайтын толқын ұзындықтарының жұмыс диапазоны микрометрден (көрінетін оптикалық сәуле) метрге (радиотолқындар) дейін болады. Жерді қашықтықтан зондтаудың жалпы физикалық негізі объектінің өзіндік және шағылысқан сәулеленуінің тіркелген параметрлерінің арасындағы функционалдық тәуелділік және оның биогеофизикалық сипаттамалары мен кеңістіктік орналасуы болып табылады. Дистанциондық әдісті зондтау-электромагниттік сәуле шығару қасиетін негіздеу. Барлық табиғи объектілер электромагниттік толқынның сәулесін анықтайтын спектрлі құрылымымен және қарқындылығымен шығарады. Оларды қашықтан қабылдайтын құрылым көмегімен тіркеу дистанциондық зондау мақсаты болып табылады.

XX- шы ғасырдың аяғында компьютерлік технологиялардың дамуымен ғарыштық мәліметтерді қолдану дами бастайды. Ғарыштық фотосуреттер коммерциялық мақсатта таратыла бастады. Ғарыштық суреттер адам қызметінің әр түрлі облыстарында кең қолданылады: картография, экология, аймақтық жоспарлау, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, өнеркәсіп, пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын игеру және т.б.

Ғарыштық суреттер аэросуреттер қасиетімен салыстырғанда мынадай қасиеттерге ие. Мысалы, үлкен ауқымды бейне, генерализациондық бейне, геосфера компоненттерінің барлық кешендік бейнелері, белгілі бір уақыт аралығында жүйе қайталанушылығы ақпараттың түсу оперативтілігі объектінің ақпараттарды объектілерге қатысты алу мүмкіндігі. Ғарыштық суреттер аэросуреттерге қарағанда үлкен аумақты қамтиды. Үлкен көлемді қамту қасиеті бар аэротүсірістердің 5 км биіктіктен және космостық түсірісін 250 км биіктіктен аэрофототүсірістерде біржүйелік суретке түсіру аппаратты қолданғанда ғарыштан түсіру аймағын алу сурет жақтарына 50 рет және ауданы бойынша 2500 рет үлкейтіледі.

Түсірістер спектрдің көрінетін, жақын инфрақызыл, жылулық инфрақызыл, радиотолқындық және ультракүлгін зоналарында жүргізіледі. Мұнда суреттер зоналық ақ-қара, панхроматтық, түрлі түсті, спектрзоналы түрлі түсті болуы мүмкін. Радиотолқындағы түсірістің ерекше артықшылығын атап өту керек. Радиотолқындар бұлттылық және тұмандар арқылы еркін өтеді. Түсіріске түңгі қараңғылық та бөгет бола алмайды, ол кез келген уақытта, кез келген ауа райы жағдайында жүргізіледі.

Ғарыштық суреттердің мағынасын біле отырып, анықтай көрсетсек оны жергілікті модель сияқты көрсетеміз. Мысалы, территорияның ландшафтық құрылымы, жерді жан-жақты қарағаннан соң ғарыштық түсірістер Ұлттық картографиялық бейнеде қайта түсіруді қажет етеді. Мысалы, бірден көзге түспейтін сәйкес келмейтін физикалық картаның нақтылығы біздің планетаны нағыз гамма түсті түрде көрсету, соны космостық түсіріс арқылы бізге жеткізеді.

Фотографиялық суреттер - бұл меншікті немесе жарық сезгіш қабыршаққа жер объектітерінің шағылған шығаруын даралай тіркеудің

нәтижесі. Ғарыштық суреттерді спутниктерден алады. 100-400 км биіктіктегі жер сырты орбиталарындағы фотографиялық суреттердің шешімділігі ондаған сантиметрге дейін жетуі мүмкін, бірақ мұндай суреттер үлкен көрініске ие болмайды, және оларды географиялық мақсаттарда қолдану орынсыз.

Ғарыштық суреттерден алынатын мәліметтер өлшемдері сәйкестігінің кең диапазоны (кеңістіктік рұқсат, шолу жолағы, спектральды саласы), жиі қайталанылуы, сондай ақ радиолокационды суретке түсіруді кез келген ауа райы мен тәуліктің кез келген уақытында жүргізу мүмкіндігі және осы мәліметтерді шаруашылық қызметтің әр түрлі салаларында тәжірибелі міндеттерді шешу кезінде қолдану мүмкіндігіне ие болады:

- егіс айналымы тәртібін сақтау және жерді мақсатқа сай қолдану тұрғысынан алғанда ауылшаруашылыққа көңіл бөлуге байланысты мониторинг жүргізу;

- жағдайға жедел түрде баға беру және ауылшаруашылық және жайылым жерлердің деградация деңгейі;

- топографиялық карталарды жаңарту (масштаб 1:25 000 дейін);

- жер кадастрын жүргізу;

- орманды пайдалану карталарын белсендіру;

- орман және дала өрттерінің дамуын ертерек байқау және бақылау;

- стихиялы апат зияндарын объективті және жедел бағалау;

- гидротехникалық құрылғылар жағдайына мониторинг жүргізу;

- құрлықтағы мұнай ластануларына және табыс аудандарындағы шельфтеріне және мұнай және мұнай өнімдерін транспортировкалауды жедел байқау және мониторинг жүргізу;

- табиғи ресурстардың кен орындарын игеруде лицензиялық келісімдерді сақтауға бақылау жасау;

- акваторияларда заңсыз балық аулауға бақылау жасау;

- табиғи объектілердің жағдайының бүгінгі күнгі тақырыптарын жасау; (өсімділігінің, топырақ жамылғысының жағдайын, территорияның апатты қауіптілігі.);

- рельефтің сандық моделін жасау;

- территорияны игерудің экологиялық салдарын бағалау;

- таулы аймақтардағы мұздық жағдайларына үнемі мониторинг жүргізу.

[4]

Ғарыштық суреттер- әр түрлі электр- магниттік спектрдегі ғарыштық аппарат(ҒА) құралдары көмегімен алынып жинақталған белгілі алгоритм бойынша көрінетін мәліметтер атауы. Әдетте, ғарыштық сурет түсінігі ретінде өңделген Жерді қашықтықтан зондтау(ЖҚЗ) мәліметтері , яғни көрінетін бейне түрінде берілген, мысалы , Google Earth ретінде қабылдайды.

Жерді қашықтықтан зондтаудың деректері қоршаған орта жағдайын жедел және анық зерттеуге және табиғи ресурстарды қолдану мен әлемнің объективті бейнесін алуға мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады.


Ғарыштық суреттердің бастапқы мәліметі электромагнитті сәулелену (ЭМС) сенсорларының тіркелген нақтылы түрімен болады. Мұндай сәулелену

өзіндік табиғи мінездемеге, сонымен бірге жасанды тектен шығуды (жасанды немесе басқа) иемдене алады. Мысалы оптикалық диапазондағы жердің суреттері мәні бойынша кәдімгі фотосуретті (тіпті күрделі болатын әдісті алудың өзінде) көрсетеді. Мұндай суреттер жер бедерінен (ашық күндегі кез келген фотосуретте) күннің табиғи сәуле шығарудағы шағылысуымен тіркейтін мінездемеге ие. Жасанды сәуле шығаруды қолданушы суреттер, табиғи жарық болмағанда шамның жарық вспышкасынан бейнеленген суретке ұқсас болады. Әуесқойлық түсіру түріне қарағанда, космостық аппараттар тұрмыстық камералардың (матрица(фото) сенсорлары үшін сезгіш және қараушы адам көзімен оптикалық диапазоннан шығатын электро- магниттік спектр диапазонынан шығатын шағылысуларды қолдануы мүмкін. Мысалы, атмосфералық бұлттылық мөлдір болып табылатын радар суреттері осындай. Мұндай суреттер, жер бедерінің суреті немесе басқа ғарыштық денелер бұлттылық арқылы беріледі.

Басында ғарыштық суреттерді алу үшін классикалық фотографиялық әдіс - жарық сезгіш пленкада жерде ғарыштан пленкасы бар капсуланың қайтуымен түсіру арқылы арнайы фотокамерамен түсіру, немесе жер бетіндегі қабылдаушы станцияға теледидар камерасынан берілген сигналмен түсіру де қолданылды.

2009 жылдың басында сканер әдісі басым болды, көлденең жазбаны (ҒА қозғалыс маршрутына перпендикуляр) сканерлейтін тетік (механикалық тербететін немесе электрондық жазба қамтамасыз ететін) қамтамасыз ететін, электро- магниттік сәулеленуді ҒА сенсорына (қабылдау құрылымы) жіберуші, ал ұзына бойлай жазбаны (КА қозғалыс маршрутын бойлай) ҒА орын ауыстыруды өзі қамтамасыз етеді.

Сканерлі түсірілімдер. Сканерлер көмегімен көптеген жекелеген тізбектеліп алынатын элементтерден тұратын кескіндер құралады. Сканерлі жүйелер көмегімен жер үсті түсірілімінде әр элементке лезде көру өрісінің шегінде тұратын жер телімінің сәулелену жарықтылығы сәйкес келетін кескін қалыптасады. Сканерлік кескін – радиоканалдар арқылы Жерге жіберілген жарық деректерінің реттелген пакеті, олар магнитті лентаға бекітіліп, содан кейін кадрлық пішінге келтіріледі.



3-сурет-Жер үстін сканерлеудің 2 түрлі әдістері

Сканердің маңызды сипаттамасы болып сканерлеу (шолу) бұрышы мен шамасына түсірілетін жолақтың ені тәуелді болатын лезде көру бұрышы табылады. Осы бұрыштардың шамасына қарай сканерлер дәл және шолу болып бөлінеді. Дәл сканерлерде сканерлеу бұрышын $\pm 5^\circ$ -қа дейін азайтады, ал шолу сканерлерінде $\pm 50^\circ$ -қа дейін көбейтеді.

«Тематикалық картограф» типті жаңа заман сканері көрінетін диапазон спектрінде 30 м және ИҚ-диапазонда 120 м рұқсат етілген жеті диапазонда жұмыс атқарады. Бұл сканер өңделуі көп уақытты алатын өте үлкен ақпарат ағынын береді; соған байланысты кескінді жіберу жылдамдығы азаяды (әрбір каналда түсірілімдегі пикселдер саны 36 млн-ға дейін барады).

3.1 Жерді қашықтықтан зондтайтын KazEOSat-1спутнигі

Жердің жасанды серігі (ЖЖС) — Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әр түрлі ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешуге арналған ғарыштық аппарат.



4-сурет - KazEOSat-1 ғарыштық спутнигі

Қазақстандық KazEOSat-1 жерсерігі француздық Гвианадағы Куру ғарыш айлағынан 2014 жылғы 30 сәуірде еуропалық «Вега» зымыран-тасығышымен ұшырылды. Жоғары кеңістікте 1 метр панхроматтық режимді және 4 метр мультиспектральдық режимді ғарыш аппаратының көзге көрінетін, жақын инфрақызыл диапазонда мультиспектрлік арналары бар. Қамту жолағының ені аппарат ұшырылымы желісінің екі жағын бұрышынан түсіру мүмкіндігімен 20 шақырымқұрайды.

